

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 қазандағы N 1577 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 17 тамыздағы N 702 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қыркүйектегі № 992 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.09.30 № 992 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мәдени және гуманитарлық салалардағы қайырымдылық және демеушілік қызметі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет дипломы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 қазандағы N 1577 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., N 43, 510-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

3 және 4-тармақтар алынып тасталсын;
көрсетілген қаулымен бекітілген Мәдени және гуманитарлық салалардағы қайырымдылық және демеушілік қызметі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет дипломымен марапаттауға байланысты мәселелерді қарау жөніндегі ережеде:

6-тармақтағы ", ақпарат және спорт" деген сөздер "және ақпарат" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтағы "бірақ жылына", ", ақпарат және спорт" деген сөздер тиісінше "бірақ екі жылда", "және ақпарат" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі